КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

Кәсіподақ ұйымының атауы: *«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподақ филиалы*
Кәсіподақ ұйымының төрағасы: *Исабаев Абимурат Кажимуратович*
Есепті кезең: *01.09.2025-31.08.2026 ж.*

Кіріспе

Кәсіподақ ұйымы 2025-2026 оқу жылы өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарына, кәсіподақ ұйымының жарғысына, ұжымдық шартқа және жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді.

Кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты – білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартуға ықпал ету, еңбек ұжымындағы тұрақтылық пен өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Есепті кезеңде кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына, еңбек құқықтарының сақталуына, материалдық қолдау көрсетуге, мәдени-көпшілік және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР:

Кезекті еңбек демалысы кезінде кәсіподақ мүшелерін сауықтыру бойынша 2025-2026 оқу жылында 13 қызметкер 50% жеңілдікпен отандық шипажайларда сауықтырылды. Жалпы сауықтыру жұмыстарына кеткен шығын – **1 033 250 теңге.**

Денсаулығына байланысты күрделі ота жасалғанда, кәсіподақ мүшесінің жақыны қайтыс болғанда және т.б. жағдайда материалдық көмек көрсетіледі. 2025-2026 оқу жылында 35 кәсіподақ мүшесіне көмек көрсетіліп, жалпы **575 000 теңге** жұмсалынды.

Сонымен қатар 2025-2026 оқу жылында тұрмыс жағдайы осал кәсіподақ мүшелеріне ай сайын тегін тамаққа талон беру жалғасып, 15 қызметкер тізімге кірді.

Мерей жасқа (50, 60, 70, 75, 80, 85) толған, зейнетке шыққан 23 кәсіподақ мүшесіне сыйақы аударылып, жалпы **760 000 теңге** жұмсалды.

2025-2026 оқу жылы кәсіподақ пен спортклуб бірлесе ұйымдастыруымен өткен спорттық шараларға жұмсалған жалпы қаржы көлемі – **390 000 теңге.**


І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында жазғы «Президенттік тест» жарысы өтті. Президенттік тестке әр факультеттен 10 оқытушыдан қатысты. Қатысушылар ерлер арасында 2000 метрге, әйелдер арасында 1000 метрге жүгіруден жарысқа түсті. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар өзара тартысты бәсекеде бақ сынасты. Әрбір қатысушы өз мүмкіндігін барынша көрсетіп, спорттық рух пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты.

Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды Дене шынықтыру және өнер факультеті, 2 орынды Жаратылыстану-техникалық факультеті, 3 орынды Физика-математика факультеті мен Гуманитарлық факультет жеңіп алды.

Жүлделі орын алған командалар арнайы дипломдармен және университет кәсіподағы тарапынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды (270 000 теңге).







Сонымен қатар университет ардагерлерінен құралған футбол командасының шағын футболдан Талдықорған қаласы жарысына қатысуына жарна (120 000 теңге) төленді.

2025-2026 оқу жылында мерекелік іс-шараларға жалпы 6 018 433,6 теңге жұмсалынды. Оның ішінде:

«1 қазан – Қарттар күні» мерекесіне орай университетіміздің ұстаздары кәсіподақ тарапынан құттықталды. Елге еңбегі сіңген ардагерлерімізге, қазыналы қарттарымызға құрмет көрсетіліп, алғыс айтылды. Кәсіподақ өкілдері сый-сияпаттарын тарту етіп, ізгі тілектерін жеткізді. Жалпы 91 822 теңге қаражат бөлінді.





Абай этно-ауылында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұжымы әз-Наурыз мерекесін ерекше сән-салтанатпен атап өтті.

Мерекелік шара аясында түрлі номинациялар бойынша үздіктер анықталып, жеңімпаздар марапатталды. «Үздік сахналық көрініс» және «Әдемі безендірілген қазақ үй» номинациялары бойынша 1 орын Құқық және экономика факультеті мен Педагогика және психология факультетіне бұйырды. 2 орынды Дене шынықтыру және өнер факультеті иеленсе, 3 орын Жансүгіров колледжі мен Гуманитарлық факультетке табысталды.

Ұлттық киім үлгісін дәріптеу мақсатында өткен байқауда да үздіктер анықталды. Ерлер арасында «Үздік ұлттық нақыштағы киім» номинациясын Физика-математика факультетінің өкілі, ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтбай Рахымбеков жеңіп алды. Ал әйелдер арасында бұл атақ Педагогика ғылымдарының магистрі, деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Әсел Исатаеваға бұйырды.

Сондай-ақ, қазақ күресінен өткен тартысты бәсекеде «Жетісу университетінің барысы» атағын Қыдырбай Еламан жеңіп алды.

Барлық жеңімпаздарға кәсіподақ атынан ақшалай сыйлық табыс етілді.

Ұлттық болмысты дәріптеп, халық бірлігін нығайтатын тағылымды шараға 700-ден аса қызметкер мен оқытушы қатысты. Жалпы 2 658 000 теңге қаражат жұмсалды.



Ай сайын профессорлық-оқытушылар құрамы және қызметкерлері арасында «Zhetysu Квиз» зияткерлік ойыны өткізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар анықталып, кәсіподақ ұйымы атынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Жалпы 430 000 теңге қаражат жұмсалды.



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ұжымда «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!» атты салтанатты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында әйелдер қауымына құрмет көрсетіліп, олардың қоғамдағы және еңбек ұжымындағы

маңызды рөлі атап өтілді. Мерекелік жиын аясында қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын концерттік бағдарлама ұсынылды.

Сонымен қатар, кәсіподақ ұйымы тарапынан әйелдерге құрмет ретінде «Кәсіподақтың ықылас сыйлығы» табысталды. Аталған сыйлық сахна төріне шығарылып, ұжымның нәзік жанды мүшелеріне мерекелік лебізбен бірге ұсынылды. Жалпы 100 080 теңге жұмсалды.










Жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Аталған бастама балалардың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасауға, олардың мектепке дайындығына қолдау көрсетуге бағытталған.

Акция барысында кәсіподақ мүшелерінің балаларынан 13 балаға жаңа оқу жылына қажетті мектеп құралдары мен керек-жарақтар табысталды. Балалардың оқу жылын жақсы көңіл-күймен бастап, сабаққа қажетті заттармен толық қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударылды.

«Мектепке жол» акциясына жалпы 271 230 теңге қаражат жұмсалды.



Кәсіподақ мүшелерінің балаларына жаңа жылдық тәтті сыйлықтарға 2 251 641,6 теңге жұмсалынды.

Мерей жас иегерлері, зейнетке шыққан кәсіподақ мүшелерін құттықтау мақсатында гүл шоқтарына 89 300 теңге, , құрметтеу шараларына ұлттық шапан, камзол алуға 76 500 теңге жұмсалынды. Қосымша іс-шараларға (құттықтау, Ғылым күні) 49 860 теңге қаражат бөлінді.





Басқа да шығындарға кеткен қаражат – 536 370 теңге.

1С бағдарламасын ақпараттық қолдау қызметіне 265 700 теңге, Банк қызметі комиссиясына 52 020 теңге қаражат жұмсалды.

Еңбек демалысы кезінде Алакөл жағалауында орналасқан «Ақши» демалыс аймағына 50 университет қызметкері отбасымен демалды. Демалыс аймағы кәсіподақ тарапынан қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіліп, 218 650 теңге жұмсалды.

«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігіне жарна (10%) 2 654 949,9 теңге аударылды.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподағының 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмысына қорытынды

№	Атауы	2025-2026 о.ж.
1	**Емдік-сауықтыру жұмыстары**	**1 033 250**
	Шипажайда ем қабылдау (30-50%)	1 033 250
2	**Материалдық көмек (жақындары қайтыс болуына, ақылы ота жасалуына байланысты)**	**575 000**
3	**Мерей жас (50,60,70,75,80,85) иегерлеріне сыйақы**	**760 000**
4	**Спортттық іс-шаралар:**	**390 000**
	Футболдан қалалық чемпионатқа қатысу	120 000
	«Президенттік сынақ»	270 000
5	**Жалпы іс-шаралар:**	**6 018 433,6**
	Құттықтау гүлдері	89 300
	«Zhetysu Квиз» зияткерлік ойыны	430 000
	«8 наурыз» мерекесі	100 080
	«әз-Наурыз» мейрамы	2 658 000
	Қарттар күні	91 822
	Қазақи шапан, камзол	76 500
	Жаңа жылдық тәттілер	2 251 641,6
	«Мектепке жол» акциясы	271 230
	Іс-шараларға қосымша заттар(су, сувенир)	49 860
6	**Басқа шығындар:**	**536 370**
	1С қолдау қызметі	265 700
	«Ақши» демалыс аймағына тұрмыстық тауарлар	218 650
	Банк комиссиясы	52 020
7	**10% облыстық кәсіподаққа**	**2 654 949,9**
8	**Жалпы шығындар:**	**11 968 003,5**

Кәсіподақ ұйымының 2025-2026 оқу жылына өзгертілген қаржылай көмек Сметасы

№	Қаржылай көмек атауы	Сумма
1	Мерей жас иелері (50, 60, 70, 75, 80, 85 жас)	20 000 теңге
2	Зейнетке шыққан оқытушы-профессорлар мен бөлім қызметкерлері	20 000 теңге
3	Материалдық-қаржылай көмек:	
	- жақындары(әкесі, анасы, жұбайы) қайтыс болғанда	25 000 теңге
	- денсаулығына байланысты	25 000 теңге
	- қызметкердің өзі қайтыс болғанда отбасына	50 000 теңге
4	Шипажайда ем қабылдағандарға жеңілдік:	
	- 250 000 теңгеге дейін	50%
	- 250 000 теңгеден асса	30%